

## 1. Байқауға қатысуға өтінім үлгісі

Оқушының аты-жөні	
Мектебі	
Байланыс телефоны	
e-mail	
Пән мұғалімінің аты-жөні	

Өтінім төмендегі электронды поштаға жіберіледі:

e-mail: [tyail231@mail.ru](mailto:tyail231@mail.ru)

## 2. Эссе жазу

Байқау аясында жазылатын эссенің тақырыбы - «Кітап - қазына».

Эссенің мақсаты: оқушылардың кітапқа, кітап оқу мәдениетіне деген көзқарасын, жастардың дүниетанымдық және рухани байлық жөнінен айтар ойларын пайымдау. Кітап оқу, оны насихаттау қарқынды жүріп жатқанымен, оқырман тарапынан қызығушылықтың аз болу себептерін зерделеу. Руханият пен сана мәселесіне баса назар аударылған кезеңде жастарды кітапты талғап, таңдап оқуға шақыру.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

Эссенің жалпы көлемі 2 парақтан (А 4) аспауы қажет, мәтін кеглі – 14, интервалы – 1.

Қатысушының аты-жөні, эссенің тақырыбы 1-беттің жоғарғы жағында (ортасында) қою шрифтпен жазылуы керек.

Эссені бағалау барысында келесі жайттарға ерекше көңіл аударылады:

- мәтіннің берілген тақырып пен жанрға сай болуы;
- мәтінде аталған қандай да бір фактілердің дұрыстығы;
- авторлық көзқарас, шыншылдық, айтылған ойдың эмоционалдығы;
- мәтінді құру тәртібі (стилдік бірлік, сөз көркемдігі мен сөз қорының молдығы).

Эссе төмендегі электронды поштаға жіберіледі:

e-mail: [tyail231@mail.ru](mailto:tyail231@mail.ru)

## 3. Оқу сауаттылығы

Қатысушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен білім деңгейі, мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білу дағдысы бағаланады.

## 4. Мәнерлеп оқу сайысы

Қатысушылар Үш бәйтерек (С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров) шығармаларынан (лирика, проза, драма) алынған үзіндіні мәнерлеп оқиды.

Талаптары: көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сезіне білу; көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу; көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті болжау, түсіну, тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізе алу.

Регламентті сақтау (3 минут).

*Жеңімпаздарды марапаттау*

Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 06 сәуір 2019 ж. сағат 13.00-де А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ оқу залында өтеді (Байтұрсынов к-сі, 47).

Байланыс телефондары: 8 (7142) 39018; 8 775 571 51 97; 8 705 832 24 00

*Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы*